

## Шикі мұнай мен мұнайдан жасалған тауарларға кедендік әкету баждары туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қазандағы N 1036 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1598 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1598 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.07.13 N 709 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

Шикі мұнай мен мұнай өнімдерінің ішкі нарығын тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.04.08 N 328 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Мұнайдан жасалған тауарларға кедендік әкету бажы ставкаларын есептеу ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.04.08 N 328 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2008.12.24 N 1253 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз), 2010.07.13 N 709 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулыларымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігіне мұнай шикізатының әлемдік нарығындағы бағалар мониторингінің (бұдан әрі - бағалар мониторингі) қорытындылары бойынша ақпарат берсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.01.06 N 5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), өзгеріс енгізілді - 2008.01.28 N 75 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2008.12.05 N 1162 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.12.24 N 1234, 2010.07.13 N 709 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулыларымен.

3. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес шикі мұнай мен мұнайдан жасалған тауарларға кедендік әкету бажы ставкалары белгіленсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.07.13 N 709 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

3-1. Осы қаулымен белгіленген шикі мұнайға кедендік әкету баждарының

с т а в к а л а р ы :

1) 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметімен немесе құзыретті органмен жасалған және міндетті салықтық сараптамадан өткен , шикі мұнайға кедендік әкету баждарын төлеуден босату көзделген өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар) бойынша жер қойнауын пайдаланушылар өндірген шикі мұнайды олардың әкетуіне;

2) роялти төлеуді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар әкететін шикі мұнайды қоспағанда, шикі мұнайға кедендік әкету баждарын төлеуден босату көзделген өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар) болып табылмайтын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдаланушылар өндірген шикі мұнайды олардың әкетуіне қатысты қ о л д а н ы л м а й д ы .

**Ескерту. 3-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.07.13 N 709 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.**

3-2. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі ай сайын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетіне келісім-шарттардың деректемелерін және әкетілетін шикізаттың көлемін көрсетіп (келісім-шарттар бойынша бөлінісінде), жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар бойынша өндірілген шикі мұнайды әкетуді жүзеге асыруды жоспарлап отырған сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар т у р а л ы а қ п а р а т б е р с і н .

**Ескерту. 3-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.05.21 N 480 Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.07.13 N 709 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен..**

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі екі апта мерзімде Еуразия экономикалық қоғамдастығы Интеграциялық Комитетінің Хатшылығына Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын сыртқы сауда қызметін реттеу шаралары туралы хабарласын.

5. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасының  
Үкіметінің  
2005 жылғы 15 қарашадағы  
N 1036 қаулысына  
қосымша**

## Мұнай мен мұнайдан жасалған тауарларға кедендік әкету бажы ставкалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.31 № 1739 қаулысымен (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.07 № 1162 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз); 02.04.2013 N 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

СЭҚ ТН бойынша тауардың жіктеуші	Тауардың қысқаша атауы*	Баж ставкасы (1 тонна үшін доллармен)
2709 00 900 9	Шикі мұнай	60
2710 12 110 0 - 2710 12 900 9, 2710 20 900 0	Жеңіл дистилляттар және өнімдер	168,88
2710 19 110 0 - 2710 19 290 0, 2710 20 900 0	Орташа дистилляттар: қайта өңдеудің ерекше процестері үшін; 2710 19 110 0 кіші қосалқы позицияда көрсетілгендерден басқа, процестердегі химиялық түрлендірулер үшін; өзге де мақсаттар үшін	
2710 19 420 0 - 2710 19 480 0**, 2710 20 110 0, 2710 20 150 0, 2710 20 190 0	Ауыр дистилляттар: газойлдар	112,59
2710 19 510 1, 2710 19 510 9*** - 2710 19 550 9	Ауыр дистилляттар: сұйық отын	
2710 19 620 1 - 2710 19 680 9****, 2710 20 310 1, 2710 20 310 9, 2710 20 350 1, 2710 20 350 9, 2710 20 370 1, 2710 20 370 9, 2710 20 390 1, 2710 20 390 9	Ауыр дистилляттар: сұйық отын	112,59
2713 20 000 0 - 2713 90 900 0	Мұнай битумы	
2710 19 310 0 - 2710 19 350 0	Ауыр дистилляттар: газойлдар	112,59

Е с к е р т п е :

\* кедендік әкету бажы ставкаларын қолдану мақсаты үшін тауарлар тек қана СЭҚ ТН кодтарымен ғана айқындалады. Тауарлардың атаулары пайдалану қолайлылығы үшін келтірілген;

\*\* жыл сайын 15 ақпан - 15 қазан аралығы кезеңінен басқа;

\*\*\* ауыр дистиллятталған сұйық отыннан басқа;  
\*\*\*\* жыл сайын 15 сәуір - 15 тамыз аралығы кезеңінен басқа.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 5                      ж ы л ғ ы                      1 5                      қ а з а н д а ғ ы  
N                      1 0 3 6                      қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

## **Мұнайдан жасалған тауарларға кедендік әкету бажы ставкаларын есептеу ережесі**

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.04.08 N 328 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2008.12.24. N 1253 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз), 2010.07.13 N 709 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулыларымен.

1. Осы Мұнайдан жасалған тауарларға кедендік әкету бажы ставкаларын есептеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкетілетін мұнайдан жасалған тауарларға кедендік баж ставкаларын есептеудің тәртібін (бұдан әрі - кедендік баж ставкалары) белгілейді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.04.08 N 328 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2008.12.24 N 1253 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз), 2010.07.13 N 709 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулыларымен.

2. Осы Ереженің мақсаты үшін мұнайдан жасалған тауарлар деп осы Ережеге 1-қосымшада көрсетілген тауарлар түсініледі.

3. Кедендік әкету бажы ставкаларын есептеуді осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес мұнай шикізатының әлемдік нарығындағы бағалар ай сайынғы мониторингінің (бұдан әрі - бағалар мониторингі) нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ұсынатын шикі мұнайға орташа нарықтық баға туралы деректер негізінде әрбір есепті тоқсанның қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.01.28. N 75 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2008.12.05 N 1162 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.07.13 N 709 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулыларымен.

3-1. Есепті айдың қорытындылары бойынша (есепті тоқсанның соңына келетін айды қоспағанда) шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы бір баррель үшін өткен аймен салыстырғанда 15 АҚШ долларынан астамға өзгерген

жағдайда, кеден әкету баждарының бекітілген ставкалары осы өзгерістер болған есепті айдың баға мониторингін ескере отырып түзетіледі.

Ескерту. Ереже 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.05 N 1162 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.07.13 N 709 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қ а р а ң ы з )  
Қ а у л ы с ы м е н .

4. Есепті тоқсанның қорытындылары бойынша шикі мұнайға орташа нарықтық баға өзгерген жағдайда, сондай-ақ көрсетілген Ережеге 3-1-тармақпен көзделген Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен кедендік әкету бажы ставкалары мөлшерінің өзгеруі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасын д а й ы н д а й д ы .

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.12.05 N 1162 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2010.07.13 N 709 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулыларымен.

5. Бағалар мониторингі кезеңі ішінде 1 тонна шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы 138,6 долларға дейін (қоса алғанда) қалыптасқан кезде шикі мұнай мен мұнайдан жасалған тауарларды әкету 0% ставкасы бойынша жү р г і з і л е д і .

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.08 N 328 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қ а у л ы с ы м е н .

6. Бағалар мониторингі кезеңі ішінде 1 тонна шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы 138,6 доллардан астам болып қалыптасқан кезде әкетілетін мұнайдан жасалған тауарларға қатысты кедендік әкету бажы ставкалары түзету коэффициенттері ескеріле отырып, есептеледі.

Түзету коэффициенті - мұнай өнімінің түрі мен сипаттамаларына қарай кедендік баж ставкаларының мөлшерін есептеу үшін қолданатын коэффициент.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.08 N 328 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2010.07.13 N 709 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулыларымен.

7. Мұнайдан жасалған тауарларға қатысты кедендік әкету бажы ставкаларын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$КБС=Кх(Б-138,6),$$

мұнда КӘБС - кедендік әкету бажы ставкаларының мөлшері;

К - осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес шартты ставканың есеп айырысу формуласында қолданылатын және түзету коэффициентіне көбейтілген 0,35 және 0,4 коэффициенттерінің орта арифметикалық мәнінің 50%-ы;

Б - мониторинг кезеңінде қалыптасқан шикі мұнайдың орташа нарықтық

**б а ғ а с ы .**

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.01.06. N 5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2008.04.08 N 328 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2010.07.13 N 709 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулыларымен.**

7-1. Осы Ереженің 7-тармағына сәйкес жүргізілген кедендік әкету бажы ставкасының көлемін есептеу нәтижесі үтірден кейін екінші таңбаға дейін математикалық түрде дөңгелектенеді.

**Ескерту. Ереже 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.12.30. N 1685 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

**8. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.12.24. N 1253 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 - т. қараңыз) Қаулысымен.**

Мұнайдан жасалған тауарларға кедендік әкету бажы ставкаларын

есептеу ережесіне 1-қосымша

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.31 № 1739 Қаулыларымен.**

**Мұнайдан әзірленген тауарлардың тізбесі**

СЭҚ ТН бойынша тауардың жіктеуіші	Тауардың қысқаша атауы*
2710 12 110 0 - 2710 12 900 9, 2710 20 900 0	Жеңіл дистилляттар және өнімдер
2710 19 110 0 - 2710 19 290 0, 2710 20 900 0	Орташа дистилляттар: қайта өңдеудің ерекше процестері үшін; 2710 19 110 0 кіші қосалқы позицияда көрсетілгендерден басқа, процестердегі химиялық түрлендірулер үшін; өзге де мақсаттар үшін
2710 19 310 0 - 2710 19 480 0, 2710 20 110 0, 2710 20 150 0, 2710 20 190 0	Ауыр дистилляттар: газойлдар
2710 19 510 1, 2710 19 510 9**, 2710 19 680 9, 2710 20 310 1, 2710 20 310 9, 2710 20 350 1, 2710 20 350 9, 2710 20 370 1,	Ауыр дистилляттар: сұйық отын

2710	20	370	9,	
2710	20	390	1,	
2710	20	390	9	
2713	20	000	0	-
2713	90	900	0	Мұнай битумы

Е с к е р т п е :

\* кедендік әкету бажы ставкаларын қолдану мақсаты үшін тауарлар тек СЭҚ ТН кодымен ғана айқындалады. Тауарлардың атаулары пайдалану қолайлығы үшін келтірілген;

\*\* ауыр дистиллятталған сұйық отыннан басқа.

Мұнайдан жасалған тауарларға кедендік әкету бажы ставкаларын есептеу ережесіне 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.01.06 N 5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), өзгеріс енгізілді - 2008.01.28 N 75 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2008.04.08 N 328 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2008.12.05 N 1162 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.12.24 N 1253 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз), 2010.07.13 N 709 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулыларымен.

**200\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ айындағы мұнайға арналған бағалар мониторингінің нәтижелері**

Күні	U R A L S ( M E D ) (\$/баррель)		C ю (URALS (MED) орташа мәні)	B R E N T ( D T D ) (\$/баррель)		C б BRENT (DTD) орташа мәні)	C BRENT (DTD) (URALS (MED) орташа мәні)
	min	max		min	max		

Сатылатын шикі мұнайдың нарықтық бағасы "URALS (MED)", BRENT (DTD) күнделікті түзетулерінің орташа арифметикалық мәні ретінде айқындалады

URALS (MED) "min" - биржадағы бір күн бұрынғы "URALS (MED)" ең төменгі нарықтық бағасы;

URALS (MED) "max" - биржадағы бір күн бұрынғы "URALS (MED)" ең жоғары нарықтық бағасы;

BRENT(DTD) "min" - биржадағы бір күн бұрынғы "BRENT (DTD)" ең

төменгі нарықтық бағасы;

BRENT (DTD) "max" - биржадағы бір күн бұрынғы "BRENT (DTD)" ең жоғары нарықтық бағасы;

$$C = (C_{ю} + C_{б})/2 = \text{___ АҚШ доллары,}$$

м ұ н д а ,

C - шикі мұнайдың күнделікті орташа арифметикалық нарықтық бағасы;

C<sub>ю</sub> - биржадағы бір күн бұрынғы (URALS (MED)) ең төменгі және ең жоғары мәндерінің күнделікті орташа арифметикалық нарықтық бағасы ;

C<sub>б</sub> - биржадағы бір күн бұрынғы "BRENT (DTD)" ең төменгі және ең жоғары мәндерінің күнделікті орташа арифметикалық нарықтық бағасы.

$$Ц = (C + C_1 + \dots + C_n) / n \times 7,5 = \text{___ АҚШ доллары,}$$

м ұ н д а ,

Ц - мониторинг кезеңіндегі шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы (бір тонна үшін) ;

C<sub>n</sub> - мониторинг кезеңі ішіндегі мұндай түзетулер жарияланған күндердегі шикі мұнайдың орташа арифметикалық нарықтық бағасы;

n - мониторинг кезеңі ішіндегі түзетулер жарияланған күндердің саны;

7,5 - баррельден тоннаға ауыстыру коэффициенті.

Мониторинг кезеңінде мұнайға орташа нарықтық баға 1 (бір) баррель үшін \_\_\_ АҚШ долларын, бір метрикалық тонна үшін \_\_\_ АҚШ долларын құрады.

Мұнайдан жасалған тауарларға кедендік әкету бажы ставкаларын

есептеу ережесіне 3-қосымша

**Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.31 № 1739**

**Қаулыларымен.**

СЭЖ ТН бойынша тауардың жіктеуіші	Түзету коэффициенті	К
2710 12 110 0 - 2710 12 900 9, 2710 20 900 0	1,2	0,5 x (0,35 + 0,4)/2 x 1,2 = <b>0,225</b>
2710 19 110 0 - 2710 19 290 0, 2710 20 900 0		
2710 19 420 0 - 2710 19 480 0, 2710 20 110 0, 2710 20 150 0, 2710 20 190 0		



2710 19 510 1,		
2710 19 510 9*		
2710 19 550 9		
2710 19 620 1 -		
2710 19 680 9,		
2710 20 310 1,		
2710 20 310 9,		
2710 20 350 1,	0,8	$0,5 \times (0,35 + 0,4) / 2 \times 0,8 = 0,15$
2710 20 350 9,		
2710 20 370 1,		
2710 20 370 9,		
2710 20 390 1,		
2710 20 390 9		
2710 19 310 0 -	0,8	$0,5 \times (0,35 + 0,4) / 2 \times 0,8 = 0,15$
2710 19 350 0		
2713 20 000 0 -	0,8	$0,5 \times (0,35 + 0,4) / 2 \times 0,8 = 0,15$
2713 90 900 0		

Е с к е р т п е :

\* ауыр дистиллятталған сұйық отыннан басқа.

Қазақстан Республикасының  
кедендік аумағынан  
әкетілетін шикі мұнай мен  
мұнайдан жасалған  
тауарларға кедендік баж  
ставкаларын есептеу ережесіне

#### 4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.12.24 N 1253 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.